

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 19 қыркүйектегі N 1353 және 1998 жылғы 12 ақпандағы N 104 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 15 сәуір N 340

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

"Европа Қайта Жаңарту және Даму Банкінің несиелік жүйесі шеңберінде шағын кәсіпкерлікті несиелеу бағдарламасын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 19 қыркүйектегі N 1353 Р971353_ қаулысының 4-тармағының екінші абзацындағы "1997 жылға арналған лимиттің еркін қалдығын ескере отырып" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Европа Қайта Жаңарту және Даму Банкінің алдында бұрын қабылдаған міндеттемелерінің шеңберінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Шағын және орта бизнесті, фермерлік шаруашылықтарды дамытуды, жұмыс орындарын құруды несиелендіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 12 ақпандағы N 104 Р980104_ қаулысында:

2-тармақтағы "Европа Қайта Жаңарту және Даму Банкі несиелік желісінің заемшысы және" деген сөздер алынып тасталсын;

3-тармақтағы "1998 жылдың лимиті есебінен" деген сөздер "Қазақстан Республикасының бұрын қабылдаған міндеттемелерінің шеңберінде" деген сөздермен ауыстырылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі